



ШАРТТАРЫ

«Жырмен жүрек үндессе...»

Шығыс Қазақстан облыстық интернет-байқауы
Мұқағали Мақатаевтың туғанына 95 жыл толуына орай

Жалпы ережелер

2026 жылы Шығыс Қазақстан облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасы (бұдан әрі – ШҚ ОБЖК) Шығыс Қазақстан облысы кітапханаларының қатысуымен қазақтың көрнекті ақыны Мұқағали Мақатаевтың туғанына 95 жыл толуына орай, оның шығармашылығын насихаттау мақсатында облыстық интернет-байқауын өткізеді (бұдан әрі – Байқау).

Мұқағали Мақатаев – қазақ поэзиясының биік тұлғасы, халықтың жүрек үніне айналған ақын. Оның өлеңдері туған жерге, елге, анаға, адамгершілік пен махаббатқа деген терең сезіммен өрілген. Ақын шығармашылығы жас ұрпақтың рухани дүниесін байытып, ұлттық поэзияға деген сүйіспеншілігін арттырады.

Байқау Мұқағали Мақатаевтың әдеби мұрасын кеңінен насихаттауға, көркем сөз оқу мәдениетін дамытуға бағытталған.

1. Байқаудың мақсаты

Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығын насихаттау, оның поэзиясы арқылы жас ұрпақтың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру және көркем сөзге деген қызығушылығын арттыру.

2. Байқаудың міндеттері

- 2.1. Мұқағали Мақатаевтың әдеби мұрасына қызығушылықты арттыру.
- 2.2. Қатысушылардың мәнерлеп оқу дағдыларын жетілдіру.
- 2.3. Көпшіліктің алдында сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.
- 2.4. Шығармашылық қабілеттерін дамыту.
- 2.5. Ұлттық поэзияға деген құрмет пен сүйіспеншілікті тәрбиелеу.
- 2.6. Дарынды жас оқырмандарды анықтау және қолдау.
- 2.7. Шығыс Қазақстан облысындағы білім беру және мәдени мекемелер арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

3. Байқаудың өткізілу мерзімі

- 3.1. Байқау 2026 жылғы 9 ақпаннан мамыр айына дейін өткізіледі.
- 3.2. Байқау жұмыстары 2026 жылғы 8 мамырға дейін қабылданады.
- 3.3. Байқау қорытындысы 2026 жылғы 15 мамыр айында жарияланады.

4. Байқаудың ұйымдастырушылары және қатысушылары

4.1. Байқауды ұйымдастырушы – Шығыс Қазақстан облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасы.

4.2. Байқаудың тең ұйымдастырушылары ретінде облыстың қалалық, аудандық, мектеп кітапханалары қатыса алады.

4.3. Байқауға Шығыс Қазақстан облысының:

- 9–11 сынып оқушылары;
- колледж және жоғары оқу орындарының студенттері қатыса алады.

5. Байқауды өткізу тәртібі мен шарттары

5.1. Байқау онлайн (интернет) форматта өткізіледі.

5.2. Қатысушылар Мұқағали Мақатаевтың өлеңдерін мәнерлеп оқып, бейнеролик форматында жолдайды.

5.3. Байқауға қатысуда жұмыс тілдері – мемлекеттік (қазақ) тілі.

6. Байқаудың негізгі номинациясы

«Мұқағали Мақатаев шығармаларын мәнерлеп оқу»

Қатысушылар Мұқағали Мақатаевтың кез келген өлеңін немесе ұсынылған тізімнен (Қосымша 2) таңдап, жатқа оқиды.

Өлең кемінде 12 жолдан тұруы қажет.

Бейнероликтің басында қатысушы:

- өзінің аты-жөнін;
- ақынның толық аты-жөні;
- оқылатын шығарманың атауын айтуы тиіс.

Бейнежазбада:

- көркем өңдеуге;
- музыкалық сүйемелдеуге;
- сахналық киім мен декорация пайдалануға рұқсат етіледі.

Бейнероликке қойылатын техникалық талаптар:

- көлденең (горизонталь) формат;
- MPEG4 форматы;
- бейне сапасы кемінде 720x576;
- ұзақтығы – 3 минуттан аспауы керек.
-

7. Бағалау критерийлері

Қатысушылардың өнері келесі критерийлер бойынша бағаланады:

- Оқылатын шығарманың мазмұнын түсіну;
- Оқу мәнерінің көркемдігі және эмоцияналдығы;
- Мәтінді жатқа білу;
- Интонациялық мәнерлілік (дыбыс динамикасы, логикалық екпін, паузалар);
- Дұрыс әдеби айтылуы;

- Өртістік қабілет және орындау ерекшелігі;
- Шығарманы түсіндіруде ерекше көзқарас көрсету.

.8. Байқауға қатысу және жұмыстарды ұсыну тәртібі

- 8.1. Қатысушылар байқау жұмыстары мен толтырылған сауалнаманы (Қосымша 1)
2026 жылғы 8 мамырға дейін ұйымдастыру комитетіне немесе ШҚ ОБЖК-нің электрондық поштасына okyrman@shqolibrary.kz жібереді.
- 8.2. Белгіленген мерзімнен кешіктіріп жіберілген жұмыстар қабылданбайды.

9. Байқау қорытындысын шығару

- 9.1. Байқау жеңімпаздарын әділқазылар алқасы анықтайды.
- 9.2. Қорытындысы бойынша I, II, III орын иелері дипломдармен марапатталады.
- 9.3. Барлық қатысушыларға сертификаттар табысталады.

10. Байқауға ұсынылған жұмыстарды пайдалану құқықтары

Байқауға қатысу арқылы қатысушылар өз жұмыстарын ұйымдастырушылардың авторлық сыйақысыз пайдалануына келісім береді, бірақ автордың аты міндетті түрде көрсетілуі тиіс. Жұмыстар келесі тәсілдермен пайдаланылуы мүмкін: байқау жұмыстарының мәтіндерін, бейнематериалдарды кітапхананың YouTube-арнасында (<https://youtube.com/@shqolibrary>), әлеуметтік желілерде орналастыру, көрмелер мен басқа да көпшілік іс-шараларда көрсету, жинақтарда жариялау, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында коммерциялық емес негізде пайдалану.

**Мұқағали Мақатаевтың туғанына 95 жыл толуына арналған
«Жырмен жүрек үндессе...» Облыстық интернет-байқауының
қатысушысы сауалнамасы**

Қатысушының толық аты-жөні	
Жасы	
Оқу орны	
Қала, ауыл атауы	
Қатысушы оқырманы болып табылатын кітапхананың толық ресми атауы	
Шығарманың атауы	
Мекенжайы, телефон нөмірі, электрондық поштасы	

Мен өзімнің жеке деректерімді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өңдеуге, пайдалануға және таратуға келісімімді растаймын.

Өтінімді толтыру күні: _____

Байқауды ұйымдастыру және өткізу мәселелері бойынша сұрақтар мен байқау жұмыстарын келесі электронды поштаға жолдауларыңызды сұраймыз: okyrman@shqolibrary.kz

Байланыс тұлғалары:

Кітапбаева Динара Айтқарымқызы – Оқырмандарға қызмет көрсету орталығының жетекшісі (WhatsApp +7777 852 9070)

Ұйымдастыру комитеті.



Қосымша №2

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

Мұқағали Мақатаев. Өлеңдер мен поэмалар. Өлеңдер /Мұқағали М. – Алматы 1993 – 344 бет

Мұқағали Мақатаев. Жыр кітабы. Жыр кітабы /Мұқағали М –Алматы, 2012 –1032 б.

Мұқағали Мақатаев. ӨМІРДАСТАН. Таңдамалы өлеңдер мен поэмалар Өлеңдер /Мұқағали М. - Алматы, 2015. – 232 б

Мұқағали Мақатаев. Есіңе мені алғайсың / Мұқағали М. Алматы, 2018 – 400 б

Мұқағали Мақатаев Шығармаларының толық жинағы: Көп томдық. 2 басылым 1 – том: Өлеңдері мен дастандары /Мұқағали М. - Алматы, 2006. - 320 б.

Мұқағали Мақатаев. Үш бақытым: өлеңдер, поэмалар /Мұқағали М. - Алматы, 2014. – б. 192 б.

Мұқағали Мақатаев. Өмір – өзен: өлеңдер мен дастандар /Мұқағали М. - Алматы, 2005. - 288 б.

Мұқағали Мақатаев. Жүрек арызы: Өлеңдер /Мұқағали М. - Алматы, 2016. - 280 б.

Мұқағали Мақатаев. Тамаша Айым – Тамызым: өлеңдер / Мұқағали Мақатаев – Алматы – 2016-336 б.

Мұқағали Мақатаев. Таңдамалы шығармалар / Мұқағали М – Алматы ,2013 – 478 б.

Мукағали Макаев. Стихи и поэмы. Стихи / Мукағали М. – Алматы, 1993. – 344 с.

Мукағали Макаев. Книга стихов. Книга стихов / Мукағали М. – Алматы, 2012. – 1032с.

Мукағали Макаев. «Өмірдастан». Избранные стихи и поэмы / Мукағали М. – Алматы, 2015. – 232 с.

Мукағали Макаев. «Есіңе мені алғайсың». / Мукағали М. – Алматы, 2018. – 400 с.

Мукағали Макатаев. Полное собрание сочинений: многотомное издание. 2-
е издание.

Том 1: Стихи и поэмы / Мукағали М. – Алматы, 2006. – 320 с.

Мукағали Макатаев. «Үш бақытым». Стихи и поэмы / Мукағали М. –
Алматы, 2014. –
192 с.

Мукағали Макатаев. «Өмір – өзен». Стихи и поэмы / Мукағали М. –
Алматы, 2005. –
288 с.

Мукағали Макатаев. «Жүрек арызы». Стихи / Мукағали М. – Алматы,
2016. – 280 с.

Мукағали Макатаев. «Тамаша Айым – Тамызым». Стихи / Мукағали
Макатаев. –
Алматы, 2016. – 336 с.

Мукағали Макатаев. Избранные произведения. / Мукағали М. – Алматы,
2013. – 478 с.